



КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»

НҰСҚАУЛЫҚ

БЕКІТЕМІН

КеАҚ Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің

Басқарма төрағасы - ректор

С.Н.Идрисов

2024 ж.



**ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН - КУРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР**

№191

Атырау 2024ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КҰРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НУСҚАУЛЫҚТАР	2-бет, 11-беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	АКТ әзірлеу және дамыту орталығының жетекшісі	Мендигалиев Ж.Ж.		25.09.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Чукуров А.Е.		22.10.24
Келісілді	Вице-проректор (цифрлік офицер)	Сүлейменова Ж.У		14.10.24
Келісілді	Сапа мониторинг кенесінің жетекшісі	Кайшыгулова Ж.Т.		15.10.2024
Келісілді	Заңгер	Куанов К.С.		22.10.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР	3-бет, 11-беттен тұрады

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Қысқартулар.....	4
3. Терминдер мен анықтамала.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. ЖАОК форматындағы ашық онлайн-курсты әзірлеу және сүйемелдеу жөніндегі жұмыстардың мазмұны.....	4
6. Онлайн – курстың құрылымы.....	5
7. Курстың бағдарламасы.....	6
8. Авторлық ұжымның курсты сүйемелдеу жөніндегі міндеттемелері.....	9
9. Бағалау, сертификат.....	9
10. Қорытынды	9
11Танысу парағы.....	10
12 Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы.....	11

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚТАР	4-бет, 11-беттен тұрады

1. Жалпы ережелер

Осы ереже «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ оқу процесіне онлайн білім берудің мамандандырылған платформасындағы форумдарда оқу процесінің барлық қатысушыларының тұрақты қарым-қатынасын қамтамасыз ететін тексеру тапсырмаларын қамтитын электрондық оқытуға арналған курс педагогикалық принциптерді қарастырады. Осы талаптар Coursera платформасында білім беру курстарының контентін құруға арналған нұсқаулық негізінде, жаппай ашық онлайн курстарды (бұдан әрі - ЖАОК) әзірлеушілерге арналған.

Осы талаптардың мақсаты Coursera платформасында жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын, Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына арнап, ЖАОК әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс негізгі қағидаттарды, стандарттарды және функционалдық мүмкіндіктерді айқындау. Осылайша курстарды әзірлеу мен жүзеге асыруға негіз болып, студенттерге сапалы оқу тәжірибесін ұсыну.

Бұл құжат ЖАОК әзірлеудің әртүрлі аспектілерін, айталық курс мақсаттары мен міндеттерін, оқыту әдістерін, курс құрылымын, студенттердің үлгерімін бағалауды, курстарды дайындаудағы техникалық талаптар мен практикалық ұсыныстарды қамтиды.

2. Қысқартулар

ЖАОК – жаппай ашық онлайн-курс

ҚББ-Құрылымдық бөлім басшысы

ЭО- Электрондық оқыту

3. Терминдер мен анықтамалар

Электрондық оқыту (ЭО) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен оқыту.

Онлайн-курс – электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып, жаппай интерактивті қатысуымен және Интернет арқылы ашық қол жетімділікпен оқыту курсы.

Онлайн-платформа – таңдалған онлайн курстарды тегін оқуға мүмкіндік беретін ашық онлайн-білім беру порталы.

Сертификат – онлайн-платформада білім алушының оқу нәтижелерін бағалауды растайтын құжат.

4. Нормативтік сілтемелер

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы 24.10.2011ж Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен (өзгерістер және толықтырулар), 23.02.2024ж жаңартылды.

Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (2023.28.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді. № 374 28.08.2020ж жаңартылды.

5. ЖАОК форматындағы ашық онлайн-курсты әзірлеу және сүйемелдеу жөніндегі жұмыстардың мазмұны

ЖАОК форматындағы ашық онлайн-курс- тақырыптық байлашысты бейнедәрістер, қосымша оқу материалдары, презентациялар, онлайн-білім берудің мамандандырылған платформасындағы форумдарда оқу процесінің барлық қатысушыларының тұрақты қарым-қатынасын қамтамасыз ететін тексеру тапсырмаларын қамтитын электрондық оқытуға арналған курс.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	ЖАШАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚТАР	5-бет, 11-беттен тұрады

ЖАОК бағдарламасында курс туралы ақпарат, қажет болған жағдайда командаға қосымша қызметкерлерді қабылдау, курсты құру бойынша жұмыс кестесі мен жоспарын келісу, курсқа (контентке) арналған материалдар мен тапсырмаларды әзірлеу болуы тиіс. Силлабус, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, дәрістер мен слайдтардың конспектілері, дербес тапсырмалар мен қорытынды емтиханға арналған тапсырмалар әзірленеді.

ЖАОК форматында ашық онлайн-курстарды құру мақсаты:

- білім алушылардың орналасқан жеріне қарамастан білім алудың қолжетімділігін арттыру;
- Әр модульдің материалдары міндетті түрде мыналарды қамтиды:
- Әрқайсысы 5-7 минутқа созылатын 3-6 бейне-дәріс;
- материалдарын түсіну деңгейін бағалауға бағытталған Тест;
- Білім алушылар тарапынан өзара бағалауды немесе бірлескен жобамен жұмыс істеуді көзде тапсырмасы;

ЖАОК форматында ашық онлайн курсты әзірлеу кезінде келесі кезеңдерді болуге болады:

- ЖАОК бағдарламасын әзірлеу;
- Курстың педагогикалық сценарийін әзірлеу;
- Курстың педагогикалық сценарийі автордың оқу материалының мазмұны мен құрылымы туралы, оқу процесін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық және ақпараттық технологиялар туралы, оқу материалы да, оны қолдау жүйесі де құрылған әдістемелік принциптер мен әдістер туралы құрылымдық егжей-тегжейлі түсінігін білдіреді.
- ЖАОК құру үшін мәтіндік, графикалық және басқа да оқу-әдістемелік материалдарды дайындау және оларды сараптамаға беру.

Бейне дәрістерді жазу.

Монтажермен бейне дәрістерді қарау және түзету.

ЖАОК барлық материалдарын онлайн-платформамен жұмыс жасайтын маманға беру.

6.Онлайн курстың құрылымы

Титул парағы:

- ЖОО-ы, факультет, кафедра атауы,
- Курстың атауы
- Автордың толық аты-жөні және байланыс деректері

Андатпа

Курстың сипаттамасы курста не беріледі, қандай мақсаттар мен міндеттер қойылады, тыңдаушылардың қандай білім беру қажеттіліктері қанағаттандырылады, курс кімге арналған (толығырақ жазыңыз, кем дегенде 250 сөз).

-Курстың пререквизиттері (қажет болса)

-Авторлар туралы мәліметтер (әрқайсысы үшін жеке-жеке және толығырақ: қайда және кім болып жұмыс істейсіз, қандай жетістіктеріңіз бар және қай салада, қандай курстар жүргізесіз, кемінде 100 сөз).

	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚТАР	6-бет, 11-беттен тұрады

7. Силлабус (Курстың бағдарламасы)

Курсты құрылымдық түрде ұсыну.

Презентациялар/конспектілер дәрістер

-Әр дәріс бойынша слайдтар (осы слайдтар негізінде бейне дәрістер мен сабақтар түсіруге болады) немесе қысқа дәрістер курсы.

Материалды бекітуге арналған тапсырмалар

-Сұрақтар

-Өзін-өзі бақылауға арналған жауаптарымен тесттер

-Жауаптары бар тапсырмалар мен жаттығулар

-Өзара тексеру тапсырмасы

Бақылауға арналған тапсырмалар жиынтығы

-Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар.

-Зертханалық жұмыстар, эсселер, кейстер.

-Емтихан сұрақтар.

апта	Дәрістердің басталуы	Сабақтың атауы	Оқуға ұсынылған тараулар	Өзіндік жұмыс	Тапсырманы орындау мерзімі
1	22 қыркүйек	Бағдарламалауға кіріспе	(1 тарау, 2.2 бөлім)	1 Тапсырма	3 қазан
2	29 қыркүйек	Рекурсия және инвариантты бағдарламалау	(1.3, 3.2-3.3 бөлім)	2 Тапсырма	10 қазан
3	6 қазан	Тізімдер және үлгіні салыстыру	(1.4-1.5, 3.4.1-3.4.3 бөлім)	3 Тапсырма	17 қазан
4	13 қазан	Жоғары деңгейлі бағдарламалау және жазба	(1.9, 2.3, 3.6 бөлім)	4 Тапсырма	24 қазан
5	20 қазан	Ағаштар және алгоритмнің күрделілігі	(3.4.6, 3.5 бөлім)	5 Тапсырма	31 қазан
6	27 қазан	Семантика	(1.6, 2.1, 2.4 бөлім)	6 Тапсырма	7 қараша
7	3 қараша	Алдыңғы аптадағы барлық тақырыптар	Барлық аталған бөлімдер	Қорытынды емтихан	10 қараша (курстың соңғы мерзімі және аяқталуы)

Ақпараттың негізгі көздерінің тізімі

-Негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі.

-Интернет – ресурстарға сілтемелер.

Сурет. -Скриншот курс материалдарынан moos.asu-cdu.kz сайтында жасалды

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	ЖАҢПАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚТАР	7-бет, 11-беттен тұрады

Бейне дәрістер мен сабақтарды түсіру

Бейне түсіру-бірнеше кезеңнен тұратын өте күрделі процесс. Бейне сабақтарды түсірмес бұрын барлық қажетті материалдарды (мәтіндер, слайдтар, суреттер, мысалдар, демонстрациялық материалдар және т. б.) дайындап, не және қалай істейтініңіз туралы қысқаша сценарий жазу керек.

Презентацияны (слайдтарды) жасау кезінде келесі ережелерді сақтау ұсынылады:

1. Слайдтардағы түс схемасының психофизикалық әсерін ескеру қажет (қызыл – назар аударады және жүйке жүйесін қоздырады, қызғылт сары – тұрақты назар аударуға көмектеседі, сары - қызығушылықты оятады, көк – тыныш ойлауға ықпал етеді, күлгін – зейінді шоғырландырады және ішкі белсенділікті арттырады және т. б.).
2. Мәтінді слайдтың ортасына бағыттау оқуды баяулатады және мәтіннің мағынасы туралы ойлауға мүмкіндік береді.
3. Слайдтағы мәтінді 5-7 жолда, әр жолда 6 сөзден артық емес жазған жөн.
4. 1 слайдтағы мәтіндік материалдарда тақырыпты қоспағанда, 36 сөзден артық емес қолданған жөн.

5. Презентацияның кестелік материалдарында 30-дан аспайтын сандарды пайдалану ұсынылады. Әрбір сан 5 саннан аспауы керек.

6. Презентацияларда негізінен кесілген қаріпті (таңбасыз) пайдалану ұсынылады). Бір слайдта 3-тен көп емес түстерді және 3-тен көп емес қаріптерді пайдаланыңыз (қаріп стилі кез – келген жағдайда бірыңғай - кесілген немесе таңбамен болуы керек).

Бейне дәріс келесі шарттарды қанағаттандыруы керек:

-курстың оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келу;

-ұзақтығы 5-7 минуттан аспайтын бір немесе бірнеше бөліктен тұрады;

-авторлық құқықпен қорғалған материалды тек дереккөзге міндетті түрде сілтеме жасай отырып пайдаланыңыз (музыка, бейнефрагменттер, суреттер және фотосуреттер);

-авторлық құқықпен қорғалған материалды тек ашық дереккөздерден пайдалануға болады (мысалы <https://ru.depositphotos.com>, <https://pixabay.com>), осы дереккөздерге

міндетті түрде сілтеме қажет. Сілтеме әр алынған кескіннің жанында көрсетілуі керек (фото, кесте, инфографика, диаграмма және т. б.) немесе сілтемелер дәрістің презентациясындағы соңғы слайдқа шығарылуы мүмкін;

-дыбысты жазу таза болуы керек, ол үшін микрофонды пайдалану қажет.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	ЖАПШАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРСТАР (ЖАОК) ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР	9-бет, 11-беттен тұрады

ЖАОК платформасына материалдарды жүктеу және тапсырмаларды тестілеу

Біз <http://mooc.asu-edu.kz> ашық онлайн курстарды орналастыру және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін, платформаны Қазақстанның ұлттық ашық білім беру жүйесінде пайдаланатын боламыз. АКТ әзірлеу және дамыту орталығы оқытушылар дайындаған материалдарды редакциялайды және <http://mooc.asu-edu.kz> сайтына жүктейді.

8. Авторлық ұжымның курсты сүйемелдеу жөніндегі міндеттемелері

Авторлық ұжым міндеттеледі:

-ЖАОК құру бойынша жұмыстарды күнтізбелік жоспарға сәйкес орындауға (3-қосымша).

-курсты сараптау, тестілеу және пайдалану барысында анықталған кемшіліктерді жоюға;

ЖАОК-ны онлайн-оқыту платформасында сүйемелдеуге.

ЖАОК форматында ашық онлайн-курсты сүйемелдеу үшін автор(лар) оқытушының құқықтарын бере отырып, ЖАОК мамандандырылған платформасында тіркеледі. Тіркелу тыңдаушылармен кері байланыс үшін форумда сөйлесу үшін қажет, онда курс студенттері сұрақтар қоя алады.

9. Бағалау, сертификат

Модульдегі лекциялар тапсырмалармен қорытындыланады.

Келесі лекцияға өту үшін тапсырмалардың толық орындалуы талап етіледі.

Барлық модульді меңгергеннен кейін тест тапсырмаларымен қорытындыланып, сертификат беріледі.

10. Қорытынды

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады және оның қолымен рәсімделеді. Түпнұсқаға және есептік жұмыс көшірмелеріне өзгерістер мен толықтырулар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу тәртібі туралы Ереженің талаптарына сәйкес енгізіледі.

Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапты болады

Нұсқаулық қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз бола алады:

-зандық күші бар нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

- басқарма төрағасы ректорының бұйрықтары;

құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;

-мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Нұсқаулық ауыстырылады.

Нұсқаулық ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Нұсқаулықтың университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес Нұсқаулықты келісуді Сапа мониторингі кеңсесі жүзеге асырады.

Күші жойылған Нұсқаулықты ауыстыру және жою үшін ҚББ жауапты болады.

Есепке алынған Нұсқаулықтың жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін ҚББ жүктеледі.

